

Жамбыл облысы, Меркі ауданы

№39 Темірбек Қожакеев атындағы орта мектеп-гимназиясы

Орындаған: Жарас Аиша

10 жас

Жетекшісі: Сейткулова Күлпаш Бекқұлқызы

Ою- өрнекпен көркемделген матадан жасалған бұйым

«Оюлы жастықша»

10. 02. 2016 ж.- 03. 03. 2016 ж.



## Шығармашылық жоба: «Оюлы жастықша»

### Жастықтың шығу тарихы

Қазақ кестесіндегі түрдің құбылуы, түс ою- өрнектің қолданылуы мен композицияның үйлесуінде үлкен рөл атқарады.

Қазақ шеберлерінің негізгі ерекшелігі түстердің құбылу үйлесімділігін қолдана білуінде. Түстер гаммасы шектеулі: қызыл, жасыл, көк, сары, ақ. Көне кестелердің түстері монохромды. Басым түс-қызыл-күннің, оттың символы.

Алғашқы жастықтар ежелгі заманда Азия елдерінде пайда болған. Дәстүрлі түрік тұрғын үйлерінің интерьері үшін қандай да болмасын үй жиһаздарының болмауы өзіне тән қасиеті. Олар еденде ши, төсеніш-кілем үстінде тамақтанып, сопақша пішінді жастықта (миндер) ұйықтайтын.

Диванда қонақ қабылдауға арналған бөлмеге тысы ашық түсті жалпақ жастықтары бар аласа дивандар қоятын. Славян халықтары диван жастығын «думка», «думочка», ал қазақтар құрақ жастық, құрақ көрпеше деп атайды.

Қазақтың ою-өрнек топтары (өсімдіктекті, жануартекті, геометриялық және космогониялық) белгілі бір мағынаға ие. Қазақ оюөрнектерінде бүтінді бөлшекпен алмастыратын зооморфтық мотивтер ең маңызды орын алады. Кейде бір образда әртүрлі жануарлардың бөлшектері қатар қолданылады.

Басты көркем мотив-мүйіз, қошқар мүйізінің суреті. Онымен байлық болады, мал көбейеді, қорғайды деген түсінік байланыстырылды. Мүйізден текеметтер, сырмақтар, алаша, сонымен қатар сәулеттік құрылыстар безендірілді. Пайдаланылатын түстер: кірпіш түсті қызыл, сары, көк, жасыл және көк, қоңыр және қара.



Құрақ жастық



Оюлы жастық

Диван жастықтарын дайындау үшін мына факторларға назар аудару қажет:

Диван жастығы:

- Материалы;
- Тарихы;
- Бағасы;
- Дайындау технологиясы;
- Интерьер стилі;
- Формасы;
- Өлшемі;
- Салт-дәстүр, сән.

Жастықтар:

- Пішіндері мен өлшемдері әртүрлі;
- Түрлі қолданылымға арналған;
- Құрақтан тігілген;
- Бау, ызба, кестемен;
- Өрнекпен көркемделген болады.

## Дизайнерлік міндеттің қысқаша анықтамасы

Диван жастығы материалы мен түсі бойынша, жиһаз қаптамасына, жапқышына үйлесімді, сонымен қатар интерьерді ерекше көңіл аударатындай жандандыру, безендіру үшін қолданылады.

### Ойлап-пішу жұлдызшасы

- Жасанды теріден жасалған жастық
- Шұғадан жасалған жастық
- Поролон негігі жастық
- Кестеленген жастық
- Тоқылған жастық
- Мата қалдықтарынан жасалған жастық

### Жастықшаларды таңдау

Диван жастықшаларының барлық нұсқаларын мүмкіндігінше зерттей келе, біз оны ою-өрнек техникасымен дайындаймыз деп шештік.

Дайындау процесі жеңіл және сабақта үйренген білім, білік, дағдымызды қолдануға мүмкіндік береді. Жастықтың формасы мен матасы үй интерьерін ескере отырып таңдалады.

### Қолданылатын материалдар

Диван жастығын тігу үшін төмендегідей материал түрлері қолданылады.

Материал түрлері:

- Мақта
- Мата (атлас, жібек, драп, м-м, шұға, зығыр, т.б.)
- Кесте жіптері
- Үлбір
- Синтепон
- Поролон
- Иірімжіп

## Жастықты тігуге кеткен уақыт

Мен жастықты технология сабағында 6 сағатта бітірдім.

### Сапасын тексеру

Ою-өрнек ұқыпты жиектелген.

Бөлшектерді біріктіру реттілігі дұрыс орындалған.

Жастық мақтамен біркелкі толтырылған.

Жасырын инешаншым көрінбейді, ұқыпты тігілген.

### Сынақтан өткізу

Диван жастығы өте әдемі, әжем мен әпкеме қатты ұнады. Мен оны жиі қолданамын және ол үйге сән береді.


### Өзін-өзі бағалау

Базарда денсаулыққа зиянды жасанды талшықтармен толтырылған диван жастықтары сатылады. Бағасы өте қымбат. Ал менің тіккен жастығым едәуір арзанға түсті.

Құрал-жабдықтар: тігін жабдықтары, қағаз, мата, қалам, тігін машинасы.

№	Операция реттілігі	Графикалық кескін
1	Керекті маталарды дайындау.	
2	Бір түсті матадан екі шаршы кесіп алу.	



3	<p>Қағазды алып, үш бүктеп ою-өрнектің жарты көрінісін қарындашпен сызу.</p>	
4	<p>Қағаздан ою-өрнегімізді қайшымен ұқыптап кесіп алу.</p>	
5	<p>Қағаздан кесілген ою-өрнегімізді тегістеп екінші матамыздың үстіне қойып сызу.</p>	

6	<p>Екінші матамыздан сызу бойынша оюды кесіп алу.</p>	
7	<p>Екінші матамыздан кесіп алынған оюмызды желім матасының үстіне қойып, үтіктеп жапсыру.</p>	
8	<p>Желім матасымен қоса жапсырылған екінші матамыздан жасалған оюды қайшымен кесіп алу.</p>	



9 Дайын болған оюымызды бірінші матадан кесіп алынған бір шаршымыздың үстіне қою.



10 Үтіктеп, қоса желімдеу.



11 Бірінші шаршымыздағы оюдың жиектерін оверлокпен өңдеу.




12 Жастығымыздың алдыңғы бөлігі дайын.



13 Екінші матамыздан ені 3см етіп 4 бірдей жолақтар кесіп алу.



14 Жастығымыздың алдыңғы бөлігінің жиектеріне жолақтарды тігін машинасымен тігу.



15 Жастықтың екі бетін бір-біріне өң жағымен беттестіріп салу. Периметрі бойынша сырып тігу.




16 Мақта салатын кішкене тігіс қалдыру.



17 Жастықты өңіне айналдырып ішіне мақтамызды салу.



18 Мақта салынған жерімізді жіп сабақталған инемен тігу.



19 Диванға арналған ою-өрнектеу техникасымен тігілген жастығымыз дайын.



***ЖАСТЫҒЫМЫЗ ДАЙЫН!!!***

